

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

М.А. Зұлжаков



" 31 " 08 2022 жыл



«Келісемін»

Директордың тәрбие жұмысы

жөніндегі орынбасары:

Амангельсин У



" 31 " 08 2022 жыл

Жайсан жалпы орта білім беретін мектебінің

2022-2023 оқу жылына арналған

тәрбие жұмысының жоспары

Класы: I «Ә»

Класс жетекшісі: Г.Г. Беккужина

І.Такырыбы
ІІ.Мақсаты
ІІІ.Міндеттері
ІV.Күтілетін нәтиже

2022–2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымыда қатысуымен кешенді түрде жүргізілуі тиіс.

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

- 1) «Баға құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық – зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІV Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері <https://пао.kz/>.

• **Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:**

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі.

✓ **Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық**

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Бастауыш мектеп түлегі:

мемлекеттік тілді білу және құрметтеу;

мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту;

дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;

отбасының құндылығын түсіну;

тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;

қоршаған ортаға қамқорлық жасау.

✓ **Құндылық: бірлік және ынтымақ**

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

Бастауыш мектеп түлегі:

командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жетуле бірлесіп әрекет ету;

өз ісіне мұқият болу және басқаларға көмек көрсету;

басқаларға құрмет көрсету және олардың ерекшелігіне төзімді болу;

бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш жігерді ынталандыру;

тапсырмаларды орындауға және мәселелерді шешуге бір-біріне көмектесу.

✓ **Құндылық: әділдік және жауапкершілік**

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Бастауыш мектеп түлегі:

шындықты айту;

достыққа адал болу;

жақсылық пен жамандықты, әділдік және әділетсіздікті ажырата білу;

өз міндеттеріне жауапкершіліктен қарау;

заттар мен мүлікті ұқыпты ұстау.

✓ **Құндылық: зия және тәртіп**

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Бастауыш мектеп түлегі:

өз құқықтары мен міндеттерін білу, әлеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық ережелерін сақтау;

қауіпсіздік ережелерін, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін білу және сақтау;

педагогтерге немесе ата-аналарға проблеманың алдын алу және шешу үшін шаралар қабылдауда көрген

немесе билетін қауіптер туралы хабарлау;

көмектешушілік пен қудалаудың кез-келген түрінен аулақ бола отырып, педагогтердің, сыныптастарының

құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу.

БАҒДАРЛАМНЫҢ МАҚСАТЫ:

«БІРТҮАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ»

- Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.
- ## **БАҒДАРЛАМНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:**

- **Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**
отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиел
- **Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**
елінің жетістіктері үшін мақтаным сезімін ұялату;
отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
әлеуметтік маңызды бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.
- **Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:**
басқалармен қарым-қатынаста адал ері әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
енбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
біреудің енбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.
- **Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:**
әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуға дараалау мен сараалау тәсілдерін қамтамасыз ету;
білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

Бағдарлама мазмұны:

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

- Қыркүйек** – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Қазан айы** – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Қараша айы** – әділдік және жауапкершілік айы;
- Желтоқсан** – бірлік және ынтымақ айы;
- Қаңтар** – заң және тәртіп айы;
- Ақпан** – жасампаздық және жанапшылдық айы;
- Наурыз** – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Сәуір** – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Мамыр** – бірлік және ынтымақ айы.

✓ Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Бастауыш мектеп түлегі:

мамандықтың ерекшеліктерін білу және адамдардың еңбегін құрметтеу;
өз-өзіне қызмет ету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану;
отбасында және оқуда қажетті жұмыстарды жүйесі түрде тәртіпті және сапалы орындау;
нәтижеге жету мақсатын белгілеу және оны іске асыруды жоспарлау, ұйымдастыру және оған қол
жеткізуге ұмтылу;

өз білімі мен дағдыларын дамыту үшін тыңғыллықты жұмыс істеу.

✓ Құндылық: жасампаздық және жанашырлық

Құзыреттілік: шығармашылық

Бастауыш мектеп түлегі:

қоршаған әлемді зерттеу, сұрақтар қою, эксперименттер жүргізу және алынған мәліметтер негізінде
қорытынды жасай алу;
жаңа идеяларды қалыптастыру, мәселелердің стандартты емес шешімдерін көру және оларды іс жүзінде
қолдана алу;
инновациялық идеяларды жүзеге асыруға ықпал ететін компьютермен жұмыс істеу негіздерін және басқа
да технологиялық дағдыларды меңгеру;
жанатәсілдер мен технологияларды қолдануды талап ететін бағалар жоғаларына қатысуға дайын болу;
өз әрекеттерінің қоршаған әлем үшін пайдалылығы мен сапаларын түсінуге.

Әр айдың іс-шаралары:

күнделікті

• «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

• «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымының оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, LED-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.

• «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.

• «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзйіс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

• «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

• «Үнемі тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру; жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу.

• «Күй күмбірі» – қоныраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзйіс кезінде күй тыңдау апта сайын.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы.

Тәрбие жұмысының бағыттары бойынша іс-шаралар жоспары

1. Бағыты: Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

Мақсаты: Отанға ұтымды және эмоционалды қарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын негізге алатын және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматты қалыптастыру.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Жоспарланған айы	Жоспарланған күні
1	«1 қыркүйек-Білім күні» Бірыңғай сынып сабаты. «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық»	Қыркүйек	01.09
2	ЖОЖ «Балалардың көшеде, жолда жүру ережелері»	қыркүйек	14.09
3	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күніне – 30 жыл. «Ата заңым – айбыным»	қазан	05.10
4	«Тәуелсіздік-тұтырым!»	желтоқсан	07.12
5	7 мамыр – Отан қорғаушылар күні	мамыр	03.05
6	9 мамыр – Жеңіс күні «Ерлік ұмытылмайды»	мамыр	10.05

2. Бағыты: Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормалары мен дәстүрлерімен келісетін рухани-адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы "Рухани жаңғырту" құндылықтары негіздерінің, оның ішінде "Құндылықтарға негізделген білім беру", "Қоғамға қызмет" жобаларын іске асыру арқылы терең түсінігін қалыптастыру.

1	Қазақстанның халық әртісі, Халық қаһарманы, кеңестің және қазақтың опера және эстрада әншісі Роза Бағланованың туғанына - 100 жыл	қантар	18.01
---	---	--------	-------

	«Қазақтың әншісі» тақырыбына сыншы сағаты		
2	Қазақ ақыны, әдебиеттанушы ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – 150 жыл «Ахмет Байтұрсынұлы Ұлт ұстазы» тақырыбына сыншы сағаты	қыркүйек	07.09
3	Қаз дауысты Қазыбек бидің туғанына – 355 жыл. «Өшпес із қалдырған Қазыбек би» тақырыбына тәрбие сағаты	ақпан	01.01
4	Қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтың туғанына - 125 жыл. «Мұхтар Әуезов әлемі» танымдық сағат	қазан	12.10
5	Қазақтың біртуар азаматы Дінмұхамед Қонаевтың туғанына - 110 жыл. «Мақтан тұтар ұлы тулға» тақырыбына тәрбие сағаты	қантар	11.01

3. Бағыты: Ұлттық тәрбие

Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілі және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсетуге бағыттау.

1	Қазақстан халқы тілдері күні «Тілім-тіретім» тақырыбында пікір алмасу	қыркүйек	21.09
2	«Әз Наурыз-елге құт» тақырыбына тәрбие сағаты	наурыз	01.03
3	«Баталы қария-ел байлығы» тақырыбына сыншы сағаты	сәуір	05.04
4	Менің сүйікті ата-әжем	мамыр	17.05

4. Бағыты: Отбасылық тәрбие

Мақсаты: ата-аналарға білім беру, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және бабаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

1	«Қарттарым-асыл қазынам» тақырыбына тәрбие сағаты	қазан	19.10
2	«Ұрлық пен шындық арасы» тақырыбына сыншы сағаты	қараша	09.11

3	«Отбасы-алтын ұя» тақырыбына сынып сағаты	сәуір	11.04
4	8 наурыз – халықаралық әйелдер күні «Аналар - асыл жанлар!» тақырыбына тәрбие сағаты	наурыз	09.03

5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Максаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту.

1	«Үнемі болу қолымыздан келеді» тақырыбына сынып сағаты	ақпан	08.02
2	«Табиғаттың таңғажайыптары» тақырыбына сынып сағаты	сәуір	19.04
3	Қазақтың ұлттық ойындары	желтоқсан	14.12

6. Бағыты: Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

Максаты: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық, оның ішінде бағалардың кибермәдениеті мен кибергигиенасы бойынша мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеністікті қалыптастыру.

1	«Кітап білім ордасы» Кітапханана саяхат. Тәрбие сағаты	қазан	26.10
2	«Ата көрген-оқ жонар» тақырыбына тәрбие сағаты	қаңтар	18.01
3	«Таламтордың пайдасы мен зияны» тәрбие сағаты	ақпан	15.02
4	Менің мектептегі бір күнім	наурыз	13.03

7. Бағыты: Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие

Максаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы" мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жашаудың мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру.

1	«Досы көпті жау алмайды» тақырыбына сынып сағаты	қаңтар	23.01
2	«Жаңа жылым. Жаңа жырым!» тақырыбына ертеңгілік	желтоқсан	21.12

3	1 мамыр – Қазақстан халқының бірілігі күні «Ақпыз, қара, сарымыз, ағайынбыз бәріміз!» тақырыбына тәрбие сағаты	мамыр	24.05
4	Сенің мектептегі достарым	қараша	16.11

8. Бағыты: Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтауды білу үшін кеңістік құру

1	Салауатты өмір салтын сақтайық!	қараша	23.11
2	«Өз денсаулығың – өз қолыңда» тақырыбына сынып сағаты	қыркүйек	28.09
3	Қауіпті вирустан сақтанайық! тақырыбына сынып сағаты	желтоқсан	28.12
4	Судағы қауіпсіздік шаралары. «Су-тіпсіз жау» Сынып сағаты, түсінік жұмыс	ақпан	22.02
5	Судың пайдасы		
	Дәрумендер-біздің достарымыз!	қараша	30.11